

КОНСТИТУЦИОННОЕ И АДМИНИСТРАТИВНОЕ ПРАВО

ӘОЖ 342.565

DOI: 10.54649/2077-9860-2020-4-16-21

А.А.Караев¹

¹ з.ғ.к., Заңнама және құқықтық ақпарат институты,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан,
Каспий қоғамдық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: ali_agahan@mail.ru

А.Р. Калимбекова²

² з.ғ.к., Каспий қоғамдық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: akalimbekova@mail.ru

ЗАҢ ШЫҒАРУ ПРОЦЕСІН ЖЕТІЛДІРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛелЕРІ

Аңдатпа

Мақала ішінде заңдарды алдын-ала конституциялық бақылау конституциялық құрылысты тиімді қорғаудың, заңнаманың бірлігін қамтамасыз етудің және заңнамалық саласында Президент пен билік тармақтары арасындағы мүдделерінің тепе-теңдігін сақтаудың құралы ретінде зерттеледі.

Қазіргі заманғы құқықтық жүйелер әртүрлі себептермен жағдайларға байланысты конституцияға уақытылы және кәсіби тексеруді қажет ететін көптеген заңнамалық актілерді қамтиды. Авторлар саяси жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ететін құрал ретінде әрекет ететін Конституциялық Кеңестің шешімдеріне, конституциялық бақылаудың рөліне, сондай-ақ Конституциялық Кеңестің заңның Конституцияға қайшы келеді деп тану жағдайда заң шығарушының құзыретіне жанама түрде «ену» мүмкіндік берілетіндігі сияқты кемшіліктерге назар аударады. конституциялық бақылау заң шығарушыны және заң шығару процесінің басқа қатысушыларын Конституцияның нормалары мен қағидаларын сақтауға міндеттейді, сонымен қатар саяси тәжірибені ескере отырып, белгілі бір шектеулерін қояды. Парламент актісін конституциялық емес деп жариялау конституциялық жауапкершілік нысандарының бірі болып табылады. Осы саладағы бақылауды заң шығару процесіне қатысатын жоғарғы органдардың жұмысының сапасының көрсеткіші ретінде қарастырған жөн деген қорытынды жасалады. Алдын ала бақылау тәртібінде Парламент қабылдаған, бірақ заңды күшіне енбеген, конституцияға сәйкес еместігі танылған заңға қатысты Конституциялық Кеңес актісінің құқықтық сипатын анықтау мәселесін назар аударылады. Әр түрлі құқықтық дәстүрлер тәжірибе үстінде «конституцияға қайшы» түсінігін әр түрлі түсіндіруге әкелгендігі жайлы қорытынды жасалды, ал негізгі айырмашылықтар негізінен бақылау нысандары мен қабылданған шешімдердің салдарына қатысты.

Түйінді сөздер: конституция, конституциялық бақылау, Конституциялық Кеңес, нормативтік құқықтық акт, билік, заңнама, тұжырымдама, конституциялық жауапкершілік, Парламент, өкілеттіктер, билік тармақтары, атқарушы билік, заң шығарушы билік, заң шығарушы.

А.А.Караев¹

**¹ к.ю.н., Институт законодательства и правовой информации
Республика Казахстан, Нур-Султан,
Каспийский общественный университет, Республика Казахстан, г. Алматы
E-mail: ali_agahan@mail.ru**

А.Р. Калимбекова²

**² к.ю.н., Каспийский Общественный университет, Республика Казахстан, г. Алматы
E-mail: akalimbekova@mail.ru**

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ КОНСТИТУЦИОННОГО КОНТРОЛЯ КАК ИНСТРУМЕНТА СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА

Аннотация

В статье исследуется предварительный конституционный контроль законов как действенный инструмент эффективной охраны конституционного строя, обеспечения единства законодательства и поддержания баланса интересов между Президентом и ветвями власти в законотворческой сфере.

Современные правовые системы, в силу различных причин и обстоятельств, содержат множество законодательных актов, нуждающихся в своевременной и профессиональной проверке на предмет конституционности. Авторами обращается внимание на роль конституционного контроля, решений Конституционного Совета, которые выступают в качестве средства, при помощи которых обеспечивается стабильность политической системы, а также на недостатки, когда Конституционному Совету дается возможность в случае признания закона несоответствующим Конституции косвенно «вторгаться» в компетенцию законодателя. Конституционный контроль обязывает законодателя и других участников законодательного процесса не только соблюдать нормы и принципы Конституции, но и налагает определенные ограничения с учетом политической практики. Признание неконституционным акта Парламента выступает одной из форм конституционной ответственности. Делается вывод, что контроль в этой сфере, нужно рассматривать и как индикатор качества работы высших органов власти, вовлеченных в законодательный процесс. Обращается внимание на определение юридической природы акта Конституционного Совета, в порядке предварительного контроля, признающего несоответствующим закон, принятый Парламентом, но не вступивший в законную силу. Также сделан вывод, что различные правовые традиции на практике породили неодинаковое толкование понятия «неконституционности», и основные различия в основном касаются форм контроля и последствий принятых решений.

Ключевые слова: конституция, конституционный контроль, Конституционный Совет, нормативный правовой акт, органы власти, законодательство, концепция, конституционная ответственность, Парламент, полномочия, ветви власти, исполнительная власть, законодательная власть, законодатель.

A.A. Karaev¹

**¹ candidate of law sciences,
the Institute of Legislation and Legal Information Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan;
Caspian Public University, Republic of Kazakhstan, Almaty
E-mail: ali_agahan@mail.ru**

A.R. Kalimbekova²

**² candidate of law sciences,
Caspian Public University, Republic of Kazakhstan, Almaty
E-mail: akalimbekova@mail.ru**

THEORETICAL ISSUES OF CONSTITUTIONAL REVIEW AS A TOOL FOR IMPROVING THE LEGISLATIVE PROCESS

Annotation

The article examines the preliminary constitutional control of laws as an effective tool for effective protection of the constitutional order, ensuring the unity of legislation and maintaining a balance of interests between the President and the branches of government in the legislative sphere.

Modern legal systems, for various reasons and circumstances, contain many legislative acts that need timely and professional verification for constitutionality. The authors draw attention to the role of constitutional control, decisions of the Constitutional Council, which act as a means by which the stability of the political system is ensured, as well as to the shortcomings when the Constitutional Council is given the opportunity to indirectly "invade" the competence of the legislator if the law is recognized as inconsistent with the Constitution. Constitutional control obliges the legislator and other participants in the legislative process not only to comply with the norms and principles of the Constitution, but also imposes certain restrictions, taking into account political practice. Declaring an act of Parliament unconstitutional is one of the forms of constitutional responsibility. It is concluded that control in this area should be considered as an indicator of the quality of the work of the highest authorities involved in the legislative process.

Attention is drawn to the determination of the legal nature of the act of the Constitutional Council, in the order of preliminary control, which recognizes the law adopted by the Parliament as inappropriate, but which has not entered into legal force. It is also concluded that different legal traditions in practice have given rise to different interpretations of the concept of "unconstitutionality", and the main differences mainly relate to the forms of control and the consequences of decisions taken.

Key words: constitution, constitutional control, Constitutional Council, normative legal act, authorities, legislation, concept, constitutional responsibility, Parliament, powers, branches of government, executive power, legislative power, legislator.

Парламенттің заңнамалық актілері - мемлекет қоғамдық қатынастардың кең спектрін реттейтін, ішкі құқықтық тәртіпті орната-тын, жоғары және жергілікті органдардың, азаматтардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың құқықтық мәртебесін белгілейтін, сыртқы саясаттың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін, мемлекетаралық қатынастарға қатысуға мүмкіндік беретін күші жеткілікті құралдар болып табылады.

Осыған байланысты заңдарды алдын-ала конституциялық бақылау конституциялық құрылысты тиімді қорғаудың, заңнаманың бірлігін қамтамасыз етудің және заңнамалық саласында Президент пен билік тармақтары арасындағы мүдделерінің тепе-теңдігін сақтаудың ең тиімді құралы болып табылады.

Бақылаудың бұл түрі алдын ала да, кейінгі тәртіпте де жүзеге асырылуы мүмкін. Ол Ресей, Беларусь, Украина, Литва, Әзірбайжан, Венгрия, Словакия, Испания және басқа елдердің конституциялық бақылау органдарының маңызды функциясы болып табылады.

Қазіргі заманғы ғалымдардың пікірінше, осы саладағы бақылаудың келесі артықшылықтары бар: біріншіден, бұл билікті бөлу принципін қорғауға тікелей бағытталған; екіншіден, қолданыстағы заңнаманың тұрақтылығы мен бірлігіне ықпал етеді; үшіншіден, конституциялық бақылау органына заң шығарушының билік тармақтары

арасындағы өкілеттіктерді біржақты қайта бөле салу әрекеттерін тежеуге мүмкіндік береді.

Мысалы, Ганс Кельзен айтуынша «заңның абсолюттіүстемдігі жағдайында заңдар арасында қайшылықтар болмауы керек» деп санайды, сондықтан бұл саладағы конституциялық бақылау сұранысқа ие емес. Бірақ та, қазіргі заманғы құқықтық жүйелер әртүрлі себептер мен жағдайларға байланысты конституцияға уақытылы және кәсіби тексеруді қажет ететін көптеген заңнамалық актілерді қамтиды.

Конституциялық Кеңестің шешімдері бұл жағдайда саяси жүйенің тұрақтылығы мен негізгі конституциялық ережелеріне «қол сұғылмаушылықты» қамтамасыз ететін құрал ретінде әрекет етеді. Конституциялық Кеңес құқықтық рәсімдер арқылы Парламентті қоғамдық тұрақтылыққа нұқсан келтіретін радикалды қадамдардан «тежейді». Бір партиялық саяси режим жағдайында конституциялық бақылау, сонымен қатар, «заң шығарушының монополиялық диктатурасына» қарсы қосымша кепілдік ретінде қарастырылуы керек.

Оның басты кемшілігі, егер ол заң Конституцияға сәйкес келмейді деп танылса, заң шығарушының құзырына жанама түрде «енуге», «парламенттік басқаруды үзіп тастауға» және белгілі бір дәрежеде конституциялық емес акт қабылдаған депутаттық корпустың кәсіби деңгейіне күмән

келтіруге Конституциялық Кеңеске мүмкіндік береді.

Бұл жағдайда Парламентке қосалқы ықпал етіліп, ол тек Конституциялық Кеңес тарапынан ғана емес, сонымен бірге қоғамдық және саяси бірлестіктер тарапынан әділ сынға ұшырайды. Бұл фактор депутаттар арасында негативті реакция тудырып, қарым-қатынасты шиеленістіріп, жағдайды тым саясаттандыруы мүмкін.

Парламент актісін конституциялық емес деп тану конституциялық жауапкершілік нысандарының бірі екендігіне де назар аударған жөн. Мұндай жағдайларда Конституциялық Кеңес заң шығарушыға қосымша «қателіктер бойынша жұмыс» жүргізу қажеттілігін, болашақта конституцияны бұзудың қайталануын болдырмау үшін мұқият болуды ескертеді. Сонымен қатар, бақылау түріне байланысты «ескертулер» тек заңның мазмұнына ғана емес, сонымен қатар заң шығарушының кәсіби деңгейінің жеткіліксіздігіне байланысты жіберілуі мүмкін формальды қателіктерге де қатысты болуы мүмкін. Заңды Конституцияға қайшы деп танудың құқықтық салдары Президенттің оған қол қоюына және жариялауына тыйым салу болып табылады.

Сондықтан, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы саладағы бақылауды, сонымен қатар, заң шығару процесіне қатысатын жоғарғы органдардың жұмысының сапасының көрсеткіші ретінде қарастырған жөн. Сонымен қатар, Кеңес олардың сәйкессіздігін неғұрлым аз таныған сайын, Парламент құрамының (және белгілі бір дәрежеде заң жобаларының негізгі жеткізушісі болып табылатын Үкіметтің) кәсібилігі соғұрлым жоғары болады және керісінше, заңдардың Конституцияға сәйкес келмейтін деп жиі танылуы олардың төмен сапасының көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар депутаттық корпус пен Үкімет аппараттарының құқықтық сауатсыздығын көрсетеді. Сонымен, конституциялық бақылау заң шығару процесіне қатысушылар арасындағы мүдделердің тепе-теңдігін сақтап, сапасыз заңдармен күресу құралы ретінде қарастырылады.

Әрине, конституциялық бақылауды жүргізген кезде Конституцияны қорғаудың алғашқынысанның саяси құрамдас бөлігін ескеру қажет, өйткені конституцияға сәйкестігіне заңды қарастыру туралы мәселенің көтерілуі белгілі бір дәрежеде жоғарғы конституциялық

инстанцияға жүгініп, «әділеттілікті» қалпына келтіруге және қалаған мақсаттарыңызға жетуге үміттенетін депутат фракциялардың саяси күрестің жалғасы болып табылады.

Мүмкін, қазіргі саяси жағдайларда осы мәселелерін ескеру онша маңызды емес, бірақ болашақта, саяси климат өзгерген кезде, Конституциялық Кеңес осы факторларды ескеруге мәжбүр болатындығы мүмкін.

Бақылаудың бұл нысанындағы басты мәселе - қабылданған заң ішінде белгілі бір дәрежеде заң шығарушының және атқарушы биліктің компромисстік ерік білдіруі көрініс тапты. Егер даулы заң конституциялық емес деп танылса, Парламенттің Конституциялық Кеңестің шешіміне бағынудан басқа амалы жоқ, өйткені оның қолында Конституциялық Кеңеске ықпал ете алатын тиімді тетіктер жоқ.

Бұл облыста бақылау жүзеге асыру ұлттық өкілдігі сипатына дәсеретеді. Конституциялық құқықта заң шығарушылар заңдарды талқылау және қабылдау кезінде бастапқыда ұлт мүдделерінің өкілі ретінде конституцияны бұзу мақсатын ұстанбайды деген болжамға негізделген «заң шығарушының адал ниеттілік презумпциясы» әрекет етді, оған сәйкес, керісінше, заң шығарушы оның жұмыс өнімдері Конституция негізінде қабылдануына және оған қайшы келмеуін қамтамасыз етуге тырысады. Ғалымдардың пікірінше, бұл презумпцияны қолдану «юриспруденция саласында ықтималдық теориясының әрекетін белгілі бір дәрежеде сипаттайтын құқықтық мемлекеттің конституциялық қағидасының нормативтік мазмұнын құрайтын міндетті талаптардың бірі болып табылады» [1, 27 б.] .

Бұл көзқараста халықтың жалпыға бірдей ерік-жігерін білдіретін құқықтың жоғары күші тұжырымдамасы көрінісін табады. Осы алғышартқа сүйене отырып, халық сайлаған (өкілді) билік органдарының актілеріне күмән келтіруге болмайды деген абстрактылық болжам бар. Мұндай дәстүр Ұлыбритания, Канада және бірқатар өзге елдерде қалыптасты, осы елдерде сот билігі Парламент актілерін жоюға құқылы емес.

Алайда, құқықтың негізгі қайнар көзі позитивті құқық болып саналатын елдерде жоғары билік органдардың актілері алдынала және кейінгі тәртіпте конституциялық тексеруден өтуі мүмкін. Кез-келген презумпция, әсіресе заң шығару саласында, абсолютті бола алмайды және сондықтан әрекет етуінің белгілі бір шектері болуы қажет.

Осы қағиданы ескере отырып, Конституциялық Кеңес заңдарды қарау кезінде істің барлық мән-жайларын ескеріп, Конституцияны, конституциялық құрылым негіздерін, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында, заңдарды зерттеудің мүмкін болатын варианттары қолдануы керек.

Сондай-ақ, заңдардың конституцияға сәйкестігін анықтаған кезде, Конституциялық Кеңес олардың халықаралық шарттарға сәйкестігін анықтауға құқығы болмаса да, әсіресе азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын немесе шектейтін заңдарды қарау кезінде өз шешімдерінде оларға сілтеме жасауға, критерий ретінде оларды қолдануға құқылы екенін атап кету жөн. Осыған байланысты конституциялық бақылау заң шығарушыны және заң шығару процесінің басқа қатысушыларын Конституцияның нормалары мен қағидаларын сақтауға міндеттейді, сонымен қатар саяси тәжірибені ескере отырып, белгілі бір шектеулерін қояды.

Бақылаудың осы нысанның тиімділігі интерпретатор (түсінік берушінің) дау тудырған заңды талдай отырып, конституциялық құқық негізделетін қағидаларын ғана емес, сонымен қатар жалпыға ортақ жалпы құқықтық қағидаларды, әсіресе әділеттілік, тиімділік, пропорционалдылық, сабақтастық және жеке тұлғаның мүдделерінің басымдығы сияқты қағидаларын ескеріп, қолдана білу қажет.

Алдын ала бақылауды жүзеге асырған кезде Конституциялық Кеңес заңның конституцияға сәйкестігін келесі параметрлер бойынша тексеруге құқылы: құзыреті тұрғысынан, нысаны мен мазмұны, қабылдау тәртібі және қол қою тәртібі бойынша. Бұл санаттар жиынтығы бойынша Конституцияның үстемдігін қамтамасыз етуге, биліктің бөлінуі және адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтары қағидаларын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл функцияның кепілдік әлеуеті құқықтық жүйеге белгілі бір динамизм мен дәйектілік береді, заң шығару процесі субъектілерін біліктілігін арттыруға мәжбүр етеді, конституциялық емес актілерді құқықтық кеңістіктен алып тастайды, заңнаманы оңтайландыруға мүмкіндік береді, Конституцияның мемлекеттің құқықтық және саяси өміріндегі маңызды рөл туралы тұрақты идеяларын туғызады.

Мұндай шешімдердің құқықтық табиғаты туралы мәселеге қатысты атап кетуіміз қажет, нормативтік сипаттағы Конституция нормаларын ресми түсіндіру жөніндегі қаулылардан

айырмашылығы, конституцияға сәйкестігіне қатысты шешімнің өзі акт ішінде құқықтық қатынастар субъектілері үшін жалпыға міндетті және ерікті нұсқама бар норманы қамтиды. Мысалы, профессор Н.В. Витрук осы мәселені қарастыра отырып, атап өтеді: «заңның немесе басқа нормативтік құқықтық актінің Конституцияға қайшы келетінін танытын конституциялық соттардың шешімдері оның күшін бір уақытта жоятын *арнайы норма* болып табылады. Заңның немесе басқа нормативті актінің Ресей Конституциясына сәйкестігіне қатысты анықталған фактісі енді басқа ешкіммен орнатыла алмайды және барлығы оны мойындау қажет» [2, 106 б.] .

Бұл жағдайда қолданыстағы заңдар құқық қолдану тәжірибесі барысында дау тудыра бастаған кезде конституциялық сот әділеттілігіне тән кейінгі конституциялық бақылау туралы сөз айтылады. Алайда, алдын ала бақылау тәртібінде Парламент қабылдаған, бірақ заңды күшіне енген, конституцияға сәйкес еместігі танылған заңға қатысты Конституциялық Кеңес актісінің құқықтық сипатын анықтау қиынырақ. Ол «Конституцияға сәйкестікті немесе сәйкессіздікті тану» нормативтік сипатта болады ма деген сұраққа жауап беру қажет. Конституциялық Кеңес өз шешімімен жалпыға міндетті ереже тударатындықтан, осы сұраққа жауап оң болып келеді. Біріншіден, егер мұндай заңның Конституцияға сәйкес келмейтіндігі анықталса, оған қол қою және сәйкесінше күшіне енгізу мүмкін емес; екіншіден, Кеңестің шешімі заңның конституцияға сәйкестігіне қатысты белгісіздікті жояды; үшіншіден, елдің заң шығарушы органының нормашығару құзыреті туралы мәселе шешілуде, төртіншіден, елдің жоғарғы заң шығарушы органының қызметіндегі конституциялық заңдылық режимі қамтамасыз етілді.

Заңнамалық актілердің Конституцияға сәйкестігін белгілей отырып, Конституциялық Кеңес кейбір позитивті функцияларды да шешеді. Ол заң шығару процесіне қатысып қана қоймай, қоса заң шығарушы ретінде де әрекет етеді, оның құқықтық ұстанымдары қолданыстағы заңнаманы жетілдіру үдерісіне ынталандырушы әсер етеді, осылайша заң шығару процесіне қатысушылардың конституциялық мәдениеті мен құқықтық санасы артады.

Сонымен қатар, Конституцияға сәйкес емес заңдарды мойындай отырып, Кеңес конституциялық заңдылық режимін

қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен бірге депутаттық корпусының кәсібилігіне күмән келтіріп, оның беделіне және заң шығарушының ар-ұжданының презумпциясына нұқсан келтіретіндігін атап өту маңызды. Сол арқылы Конституция қорғау механизмінің құрамдас бөлігі ретінде мемлекеттік биліктің жоғарғы органдарының конституциялық жауапкершілік проблемасының өзектілігі де анықталады.

Сонымен бірге Конституциялық Кеңестің негізгі өкілеттіктерінің бірі бола отырып, бақылаудың бұл нысаны теориялық және практикалық маңыздылығы бар бірқатар сұрақтарды тудырады. Біздің ойымызша, ең алдымен, Конституциялық Кеңес «Конституцияға сәйкестік» сөз тіркесінің мағынасын өзі ұғыну қажет. Заңдарға баға беру кезінде оны анықтайтын санаттар, өлшемдер қандай болуы керек - Конституцияның нормасы немесе оның идеялары мен қағидалары, заңның қабылдануына әсер ететін заң шығару процесіне қатысушылар, тарихи жағдайлар, әлеуметтік күтулер және тағы басқа факторлар, мүдделер ескерілу қажет пе деген мәселелерге назар аударылу қажет. Ішкі мотивацияның шектері, конституциялық процеске қатысушылардың жеке сенімдері мен көзқарастары, саяси мақсаттылығы және тағы басқа сұрақтар да аса маңызды.

Заң Конституцияға сәйкес деп таныла алатын, бірақ сонымен бірге өзінің мазмұны бойынша заң шығарушының қиялынан әлдеқайда

бай, Конституцияның 4-баптың 1-тармағында белгіленгеннен гөрі күрделі және көп қырлы болатын, нормативтік құқықтық актілермен қатар табиғи құқықты да қамтитын Құқыққа қайшы келетін жағдайлар кездесу мүмкін. Құқықтық тәсілдерді нақты түсініп, ізірлеусіз, заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілердің «Конституцияға сәйкестілігін анықтау» мәселелерін тиімді шешу проблемалы болып көрінеді.

Мысалы, әр түрлі құқықтық дәстүрлер тәжірибе үстінде «конституцияға қайшы» түсінігін әр түрлі түсіндіруге негіз болды. Мысалы, жүз жыл бұрын ағылшын, француз және американдықтардың бұл тұжырымдаманы түсінуінде белгілі бір айырмашылықтар бар деген пікір айтылды. Мысалы, ағылшын үшін - «бұл заңның конституцияға қайшы екендігі туралы Парламент спикері айтқан пікір»; француз үшін - «оны айыптауды болжайтын заңның конституцияға қайшы екендігі туралы мәлімдеме»; ал американдық үшін, керісінше, «Конгресс актісінің конституцияға сәйкес еместігі оның жарамсыз деп саналғанына қарамастан оны айыптауы міндетті емес» [3, 123-125 бб.]. Қорытындылай келе, содан бері бұл тұжырымдаманы бағалау тәсілдері біршама жақындағандығын атап кетуіміз қажет. Негізгі айырмашылықтар негізінен бақылау нысандары мен қабылданған шешімдердің салдарына қатысты, мысалы, заң мен заң шығару процесінің тиімділігі туралы ғылыми пікірталастарды күшейтуге байланысты.

Пайдаланылған қайнар көздерінің тізімі:

1. Гаджиев Г.А. Правовые позиции Конституционного суда России как новый источник гражданского права // Журнал Закон. – 2006. – № 11. – С. 27.
2. Витрук Н.В. Конституционное правосудие в России (1991–2001 годы): Очерки теории и практики. – М.: Городец–издат, 2001. – С. 106.
3. Курис Э. Субъекты с правом обращения в Конституционный Суд // Конституционное правосудие. – М., 2005. – № 2. – С. 123–125.

References:

1. Gadzhiev G.A. Pravovye pozitsii Konstitutsionnogo suda Rossii kak novy istochnik grazhdanskogo prava // Zhurnal Zakon. – 2006. – № 11. – S. 27.
2. Vitruk N.V. Konstitutsionnoye pravosudiye v Rossii (1991–2001 gody): Ocherki teorii i praktiki. – M.: Gorodets–izdat, 2001. – S. 106.
3. Kuris E. Subyekty s pravom obrashcheniya v Konstitutsionny Sud // Konstitutsionnoye pravosudiye. – M., 2005. – № 2. – S. 123–125.